

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ
АРНАЛҒАН
КИНОТАЛДАУ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫТӘЖІРИБЕ МЕН
ТЕХНОЛОГИЯ
ҮНДЕСТІГІ

→ 2

→ 4

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Сәрсенбі күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Салтанат Жолдасова баяндама жасады.

Хабарламашының айтуынша, 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өнеркәсіп саласында 44,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты индекс көлемі 104,1 пайызды құраса, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі



35,4 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 175,3 пайызға жеткен. Ауыл шаруашылығы саласында жалпы өндірілген өнім көлемі 56,5 млрд теңгені құраған.

Жыл ішінде 13,5 млрд теңгеге құрылыс жұмыстары жүргізіліп, жалпы алаңы 31316 шаршы метр жеке тұрғын үй қабылданған. Ал бөлшек сауда тауар айналымы 21,4 млрд теңгеге немесе нақты көлем индексі 113,7 пайызды құраса, көтерме сауда айналымының көлемі 25,3 млрд теңгені немесе нақты көлем индексі 206,3 пайызды құраған.

Өткен жылы ауданның таза өзіндік кірістері 5,9 млрд теңгеге жоспарланып, көрсеткіш 6,6 млрд теңгеге орындалған. Ал ауылдық округтердің өзіндік кірістері 479,6 млн теңгеге жоспарланып, көрсеткіш 9,2 пайызға артығымен жүзеге асқан. Аудандық бюджеттің жоспарланған шығыс бөлігі 16,6 млрд теңгеге немесе 99,6 пайызға игерілген.

→ 2

СЕССИЯ

БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ



Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында сегізінші шақырылған Жамбыл аудандық мәслихатының кезектен тыс елу бірінші сессиясы өтті. Аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаев ашып, жүргізген сессияға аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Несіпбеков, бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жамбыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №49/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» аудан әкімдігі экономика және бюджеттік

жоспарлау бөлімінің басшысы Салтанат Жолдасова баяндама жасады.

Сессияда күн тәртібіндегі басқа да мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

«Шұғыла»-ақпарат.

КӨКЕЙТЕСТІ

Лудомания – бір ғана адамның басына түскен бақытсыздық емес, тұтас бір отбасының тағдырын талқандайтын, тіпті, бүтін бір әулеттің берекесін қашырып, ет жақындарының жүйкесін жұқартатын, қала берді ұлттың болашағына балта шабатын қоғамдағы қауіпті әлеуметтік дерт. ХХІ ғасырдағы ең қауіпті кесел адамдарды қарызға батырып, отбасын күйретіп, қылмыс пен суицидке итермелейді.

ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА КЕТІРЕДІ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Лудомандар – құмар ойынның шырмауына түскен адамдар. Казино мен букмекерлік кеңселердің қарқынды дамуы мен танымал болуы, әсіресе, соңғы жылдары «лудомания» ұғымын кеңінен қолдануға себеп болды. Бұл ауру қазіргі таңда тек әлеуметтік мәселе ғана емес, сонымен қатар медициналық және психологиялық тұрғыдан да үлкен қауіп тудырып отыр. Аурулардың халықаралық классификациясы бойынша лудомания ресми түрде аурулар катарына енгізілген. Осыдан бірнеше жыл бұрын құмар ойындарға тәуелділік көбіне тұрмыстық мәселелермен ғана байланыстырылса, бүгінде оның тәуелділік сипаты мен таралу ауқымы артқан.

Адамөмірінде негативті тұрғыдан басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық тұрғыдан отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы шекара сызығына, қауіпті қорғанысқа қолданылатын тікенек сым секілді. Бір ілінсең шыға алмай, тартқан сайын шырмала бересің. Ал мұны құмарпаздықтың құрығына түсіп, көзі байланғандар кеш түсініп жатады. Кейінгі зерттеулерге сүйенсек, елімізде



350 мыңдай адам жүйелі түрде құмар ойындардың шырмауына түскен. Ал 36 мың адамға «лудомания» диагнозы қойылған. Құмар ойынға телміргендердің 71 пайыздан астамы жоғары білімді азаматтар. Осыдан-ақ қоғамды артқа сүйрейтін кеселдің қаупін бағамдай беріңіз.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құмар ойынға тәуелділік мәселесінің ушығуына жол бермеу керек екенін үнемі айтып келеді. «Кейінгі жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды», деген Президент бұл теріс әдетке әсіресе жастар әуес екенін айта

келіп, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды. Президент пәрменімен қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң арқылы халықтың ойынға тәуелділігін төмендетуге бағытталған шектеуші және ынталандырушы нормалар енгізілді.

→ 2

ОТБАСЫН ҚОЛДАУ – ҚОҒАМ
ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

→ 4

ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ

ЖАҢАРУҒА ЖОЛ БАСТАЙТЫН КЕЗЕҢ

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы ел дамуының алдағы бағдары айқындалған маңызды кезең болды. Бұл жиын қоғамды толғандырған мәселелер ашық айтылып, мемлекет дамуының жаңа басымдықтары нақтыланған мазмұнды алаңға айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бүгінгі жаһандық өзгерістер кезеңінде Қазақстан үшін ең басты міндет бірлікті сақтай отырып, заман талабына сай жаңғыру екенін атап өтті. Әсіресе, экономиканы әртараптандыру, цифрландыру мен жасанды интеллекттің дамыту, басқару жүйесіне жаңа тәсілдер енгізу уақыт күттірмейтін мәселе екені айтылды. Бұл еліміздің болашақ бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық бағыт екенін аңғартады.

Президент су қауіпсіздігі мәселесіне де ерекше тоқталып, су ресурстары енді тек шаруашылық емес, ұлттық қауіпсіздік деңгейіндегі мәселе екенін жеткізді. Арал өңірін қалпына келтіру жұмыстары жалғасатыны, халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажеттігі де қозғалды. Бұл бастамалар Қазақстанның өңірлік тұрақтылыққа жауапты ел екенін көрсетеді.

Руханият пен тарихи сананы жаңғырту да Құрылтайдағы негізгі бағыттардың бірі болды. Ұлттық мұраны сақтау, мәдени нысандарды дамыту, тарихи зерттеулерді жүйелеу арқылы қоғамның рухани тұтастығын нығайту керектігі айтылды. Себебі мықты мемлекет тек экономикасымен емес, саналы ұрпағымен құрылады.

Сонымен қатар Президент әділдік, заң мен тәртіп қағидаттарына басымдық берілетінін, әр азамат ел алдындағы жауапкершілікті сезінуі тиіс екенін атап өтті. Патриотизм ұғымы нақты іспен, адал еңбекпен, қоғам мүддесіне қызмет етумен өлшенуі керектігі – бүгінгі күннің басты талабы.

Жалпы, Құрылтайда көтерілген бастамалар ел дамуының кешенді жолын көрсетеді. Тарихқа сүйенген руханият, технологиялық серпіліс, су және экологиялық қауіпсіздік, әділетті қоғам құру – осының бәрі Қазақстанның болашаққа сенімді қадам жасап келе жатқанын аңғартады.

Алтынхан САПАРБЕКОВ,
Жамбыл ауданының Құрметті азаматы,
ардагер ұстаз.

ҚҰҚЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН КИНОТАЛДАУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Жуырда Әкім Тарази атындағы тірек мектебі, №2 орта мектеп, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 9-11-сынып оқушыларына арналған профилактикалық бағыттағы киноталдау шарасы ұйымдастырылды. Шара барысында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілген «Хулиганка» және «Кітап бетбелгілері емес» («Не книжные закладки») қысқаметражды фильмдері көрсетіліп, кең көлемде талқыланды.



Аружан КҮНТУБАЙ



Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің сыни ойлауын дамыту, агрессия, буллинг, психологиялық қысым,

құқыққа қайшы мінез-құлық пен есірткі бизнесіне тартылу қаупі туралы жастарға саналы түсінік қалыптастыру.

Басқосуға облыстық психологиялық қолдау орталығының әдіскері Камшат Керімқұлова, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының

бас маманы Мұхтар Керімбеков, аудандық білім бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Қуаныш Бакытұлы, сондай-ақ аудандық полиция бөлімі ҚҚБ ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция капитны Асхат Айдарбеков қатысып, өз салалары бойынша тәжірибелерімен бөлісті.

Кездесу барысында қысқаметражды фильмдерден үзінділер көрсетіліп, оқушылар ашық форматта пікір алмасты. Мамандар жасөспірімдерге буллинг пен зорлық-зомбылықтың, психологиялық қысым мен манипуляцияға берілудің, сондай-ақ есірткі тасымалдаушы болудың қоғамға және жеке тұлғаға тигізер психологиялық, әлеуметтік әрі құқықтық салдары туралы жан-жақты түсіндірді. Сондай-ақ жастарға қауіпті жағдайларда дұрыс шешім қабылдау, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау және заң талаптарын қатаң сақтау қажетіне ерекше назар аударылды.

Іс-шара соңында оқушылар рефлексия жасап, алған әсерлері мен ой-пікірлерін ортаға салды.

Соңы. Басы 1-бетте

ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА КЕТІРЕДІ

Заңда максималды түрде букмекерлік кеңселер мен казинолардың жарнамасын шектеу қарастырылған. Енді белгілі блогерлер мен әлеуметтік желідегі танымал тұлғаларға мұндай ойын түрлерін жарнамалауға тыйым салынады. Жарнама тек спорттық объектілер, спорттық бағыттағы сайттар, телеарналар мен спорттық іс-шараларда ғана рұқсат етіледі. Сондай-ақ ойында бәс тігу жасы 21 жастан 25 жасқа дейін көтеріледі. Өтелмеген алименттік және несиелік қарызы бар азаматтардың құмар ойынға бәс тігу мүмкіндігі шектеледі. Көмелетке толмаған азаматтардың құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуы шектеледі. Заңсыз онлайн казино ұйымдастырушыларға Қылмыстық кодекстің 307-бабымен жаза қолданылады. Заңсыз лотоматиктер мүлдем жойылады. Сондай-ақ балалар, білім беру, медициналық, діни және діни ұйымдар орналасқан тұрғын үйлер мен ғимараттарда лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынады.

Президент лудоманиямен күрес бағытында дер кезінде шешім қабылданғанын атап өтті. «Интернет дамыған сайын лудомания проблемасы ұшыға түсті және нағыз әлеуметтік індетке айнала бастады. Бұл ұлтымыздың болашағына қатер төндіреді. Сондықтан Мемлекет басшысы ретінде мен осы қауіпті құбылыспен күресу үшін бірқатар пәрменді шаралар қабылдадым. Осы мәселе бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы отырысы өтті. Менің тапсырмаммен Үкімет Заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға

қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды бекітті» деген Мемлекет басшысы жоғарыда аталған Заңның күшіне енуі азаматтарымызды, ең алдымен, өскелең ұрпақты осы зиянды әлеуметтік дерттен сақтауға мүмкіндік беретініне сенімді екенін айтты.

Дегенмен құмар ойындар объектілері белгілі бір деңгейде индустрия, бизнес субъектісі ретінде де мемлекетке табыс әкеліп отырғандықтан, бұған әлем елдерінде түбегейлі тыйым салынбаған. Санаулы ғана елдің тыйғаны болмаса, қалғандарында түрлі деңгейдегі шектеулер енгізілген. Алайда «Lancet Public Health» комиссиясының 2024 жылғы зерттеуіне зер салсақ, ғаламдық құмар ойындар индустриясының қаншалықты қауіпті деңгейге жеткенін айқын көрсетеді. 2028 жылға қарай әлемде құмар ойын салдарынан тұтынушылардың таза шығыны 700 млрд долларға жетуі мүмкін. Онлайн-құмар ойындардың жылдамдығы, үздіксіздігі және көз байлар маркетингі тәуелділікті күшейтетінін халықаралық сарапшылар ашық айтып отыр.

Бұл жаһандық «дауыл» елімізді қашықтан айналып өтіп жатпағаны анық. Смартфон арқылы тәулік бойы бәс тігу мүмкіндігі мыңдаған жастың тағдырын тәуекелге тігіп жатыр. Рас, осы кеселге дауа болар заң қабылданған. Алайда адамнан айла артылған ба, ойын бизнесінен ақша ақша әккілер түрлі цифрлық технологияларды тығыштап, жасты да, жасамысты да смартфонға телміртіп қойды. Яғни құмар ойын мен цифрлық ойындардың шекарасы жойылып барады. Live-бастер, ойын

ішіндегі микро тәуекелдер адамның әлсіз тұстарын дәл тапты.

БҰҰ Балалар қоры (UNICEF) жүргізген зерттеудің деректеріне сәйкес, ойынға тәуелділік проблемасы жасөспірімдер үшін өзекті болып отыр. Әлемдік статистика бойынша жасөспірімдер арасындағы құмар ойындардың таралуы ересектерге қарағанда 2-4 есе жоғары. Өйткені кейінгі кезде цифрлық ойындардың көбеюі балалардың онлайн қауіпсіздігіне жаңа сын-қатер туғызып отыр. Осы ретте түрлі ойындар баланың ой-өрісін дамытуы мүмкін, бірақ ол тек ата-ананың бақылауында болған жағдайда ғана пайдалы. Бірақ біздің елдегі жағдай – басқаша. Себебі біздегі көп ата-ана баласының телефонда не қарап, қандай ойын ойнап отырғанына мән бермейді. Бұл үрдіс балаларда «қысқа ойлау», яғни терең ойлануға мүмкіндік бермейтін ойлау түрін қалыптастырады. Бастысы, баланы бақылап, онымен жиі сөйлесу керек.

Лудоманияның зияны мен қоғамға тигізетін теріс салдары туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу маңызды. Өйткені құмар ойындардың тәуелділікке айналуы бүгін қоғамды дағдарысқа ұшыратуы мүмкін. Оның алдын алу және оған қарсы күрес азаматтарымыздың психологиялық денсаулығын қорғап, өмірлік құндылықтарын дұрыс қалыптастыру үшін қажет. Қоғамдық санаы қалыптастыру арқылы дұрыс бағыт беру құмар ойындарға тәуелді болудан қорғау болып табылады. Оның зиянды әсерлерінен сақтануға мүмкіндік береді. Мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуына оң әсерін тигізеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 242-бабына сәйкес Жамбыл облысы Жамбыл ауданы аумағында орналасқан жер учаскесін иесіз жылжымайтын мүлік деп тану туралы хабарлайды.

Жер учаскесі туралы мәліметтер: Жер пайдаланушы: «Cogenhan» (Когенхан) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жер пайдалану мақсаты: қуаты 100 мВт күн электр стансасының құрылысын жүргізу үшін. Жалпы көлемі – 300,75 гектар. Кадастрлық нөмірі – 06-088-086-176. Орналасқан жері – Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округі аумағындағы «Түркісіб» мемлекеттік жер қоры. Жер санаты – өнеркәсіп, көлік, байланыс,

ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер.

Осы хабарландыру ықтимал құқық иелерін және мүдделі тұлғаларды хабардар ету мақсатында жарияланады.

Мүдделі тұлғалар аталған жер учаскесіне қатысты құқықтарды белгілеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Жамбыл ауданы әкімдігіне төмендегі мекенжай бойынша жүгінуі қажет.

Мекенжайы: Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №127-үй. Байланыс үшін: тел.: 8 (747) 806-36-07, 8 (72633) 2-13-53. E-mail: zemasa2025@bk.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Коммунальное государственное учреждение «Аппарат акима Жамбылского района Жамбылской области» в соответствии со статьей 242 Гражданского кодекса Республики Казахстан сообщает о признании земельного участка, расположенного на территории Жамбылского района Жамбылской области, бесхозяйным недвижимым имуществом. Сведения о земельном участке: Землепользователь: товарищество с ограниченной ответственностью «Cogenhan» (Когенхан). Назначение землепользования: для строительства солнечной электростанции мощностью 100 мВт. Общая площадь – 300,75 гектара. Кадастровый номер – 06-088-086-176. Местоположение – Жамбылская область, Жамбылский район, государственный земельный фонд «Турк-сиб» на территории Бесагашского сельского округа.

Категория земли – земли промышленности, транспорта, связи, для нужд космической деятельности, обороны, национальной безопасности, зоны ядерной безопасности и иного несельскохозяйственного назначения.

Настоящее объявление публикуется в целях уведомления возможных правообладателей и иных заинтересованных лиц.

Заинтересованные лица вправе обратиться в акимат Жамбылского района для оформления прав на указанный земельный участок в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования настоящего объявления по следующему адресу: Адрес: Жамбылская область, Жамбылский район, село Аса, улица Абая, дом №127.

Контактная информация: тел.: 8 (747) 806-36-07, 8 (72633) 2-13-53. E-mail: zemasa2025@bk.ru

Соңы. Басы 1-бетте

Өңірдің Әлеуметтік-Экономикалық даму көрсеткіштерінің қорытындысы қаралды

Өткен жылы 1,4 млрд теңгеге аудан бойынша автомобиль жолдарын жөндеу және қалыпты жағдайда ұстап тұру жұмыстары жүргізілді.

Бүгінде аудандағы 31 елді мекен 100 пайыз ауызсумен қамтылған. 2025 жылы Жаңаөткел, Өрнек, Жұма ауылдарында ауызсу жүйесінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Аудандағы 31 елді мекен толығымен табиғи газға қосылған. Былтыр Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат, Сеңгірбай елді мекендерін ауылышілік газбен қамту, Сеңгірбай ауылына дейін магистральды газ құбырын тарту жұмыстары жүргізілді.

Ауданда тұрғын үй кезегінде 2528 адам тұр. Оның ішінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 112 бала, әлеуметтік әлсіз топта 601 адам, 708 көпбалалы отбасы және 309 мемлекеттік қызметші бар.

Былтыр республикалық бюджеттен

халықтың әлеуметтік осал топтары үшін аудан орталығы Аса ауылынан 30 отбасыға үй сатып алынды. Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға құнды кағаздарын шығару есебінен берілетін бюджеттік кредиттер арқылы 150 пәтерге 2,3 млрд теңге бөлініп, сатып алынды.

Бөлім басшысы әлеуметтік және денсаулық сақтау саласында атқарылған жұмыстарға да кеңінен тоқталды. «Ауыл – ел бесігі» жобасы, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы, «Amanat» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы бойынша атқарылған жұмыстарды да тілге тиек етті.

Мәжілісті қорытындылаған Ерлан Қыдыралыұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылдап, тиісті сала басшыларына нақты тапсырма берді.

«Шұғыла»-ақпарат.

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел.: 8 (72633) 2-12-06, 5-05-63)

2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының келесі құрамы жөнінде хабарлайды.

Лауазымы	А.Ж.Т
№179 учаскелік сайлау комиссиясы	
Комиссия төрағасы	Ордабаев Жандос Алиевич
Комиссия төрағасының орынбасары	Онгарбаев Мухит Мирзабаевич
Комиссия хатшысы	Жапаркулова Абилаш Даулетовна
Комиссия мүшесі	Туткишбаев Алтынбек Кенжебекович
Комиссия мүшесі	Сергараев Жексенбек Сыбанович

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ ЖАМБЫЛСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

(село Аса, улица Абая №102, тел.: 8 (72633) 2-12-06, 5-05-63)

В связи с назначенными на 1 марта 2026 года выборов акима Тоғызтарауского сельского округа Жамбылского района Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает о следующем составе участковой избирательной комиссии.

Должность	Ф.И.О.
Участковая избирательная комиссия №179	
Председатель комиссии	Ордабаев Жандос Алиевич
Заместитель председателя комиссии	Онгарбаев Мухит Мирзабаевич
Секретарь комиссии	Жапаркулова Абилаш Даулетовна
Член комиссии	Туткишбаев Алтынбек Кенжебекович
Член комиссии	Сергараев Жексенбек Сыбанович

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №4 қаулысына сәйкес 2026 жылдың 1 наурызына тағайындалған Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау учаскесі мен шекарасы туралы.

№179 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Тоғызтарау ауылдық округі, Тоғызтарау ауылы, Жамбыл көшесі 3В, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» КМҚК Тоғызтарау ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат аудандарының аумағы.

СООБЩЕНИЕ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

В соответствии с постановлением Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии №4 от 21 января 2026 года, об избирательном участке и границах в связи с выборами акима Тоғызтарауского сельского округа, назначенными на 1 марта 2026 года.

Избирательный участок №179

Местонахождение участка: Жамбылский район, Тоғызтарауский сельский округ, село Тоғызтарау, улица Жамбыла 3В, здание сельского клуба Тоғызтарау КТКП «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

Границы избирательного участка: территория сел Тоғызтарау, Жанаоткел, Құмсуат.

СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ САЙЛАУШЫЛАРДЫ ЖЕКЕ СҰРАҚТАРМЕН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

P/c	Депутаттың аты-жөні		Сайланған ауылдық округі	Қабылдау орны	Қабылдау уақыты	Қабылдауға жауаптылар
1	Құндызбаев Асхат Асқарұлы	1	Аса ауылы	Аудандық жастар ресурстық орталығы	сағат 11.00 18.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
		2	Бірлесу-Еңбек ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 11.00 18.02.2026 жыл	
2	Сәрсенов Рабат Полатұлы	1	Аса ауылы	Аудандық жастар ресурстық орталығы	сағат 11.00 19.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
		2	Құмтиын ауылы	№2 орта мектеп ғимараты	сағат 11.00 19.02.2026 жыл	
3	Наметулла Бақытжан Ахметуллаұлы	1	Аса ауылы	Аудандық жастар ресурстық орталығы	сағат 11.00 20.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
		2	Қаракемер ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 11.00 20.02.2026 жыл	
4	Еділбаев Әділхан Райханұлы	1	Ащыбұлақ ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 11.00 25.02.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
5	Токсаба Жандар Жамбылұлы	1	Ш.Ниязбеков ауылы	Ысмайыұлы атындағы орта мектептің акт залы	сағат 11.00 26.02.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
6	Дармағамбетова Дамира Болатқызы	1	Гродеково ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 11.00 27.02.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
		2	Қызылдіхан ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 10.00 27.02.2026 жыл	
		3	Жасөркен ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 14.30 27.02.2026 жыл	
7	Шайдаев Мұхтар Бекзатұлы	1	Айшабибі ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 11.00 26.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
8	Стамқұлов Алтай Әбдіжапарұлы	1	Айшабибі ауылы	Айшабибі орта мектебінің ғимараты	сағат 11.00 26.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
9	Малдыбаев Нышанбек Сматұлы	1	Жамбыл ауылы	Жамбыл орта мектебінің ғимараты	сағат 10.00 05.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Аудандық мәслихат аппараты
		2	Еңбек ауылы	Еңбек орта мектебінің акт залы	сағат 11.30 05.03.2026 жыл	
10	Әбдібеков Талап Нышанбекұлы	1	Бесағаш ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 14.30 06.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
		2	Өрнек ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 10.30 06.03.2026 жыл	
11	Бозымбеков Бауыржан Мейрамханұлы	1	Гродеково ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 11.30 27.02.2026 жыл	Ауылдық округ әкімдері Аудандық мәслихат аппараты
		2	Ерназар ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 12.00 11.03.2026 жыл	
		3	Тоғызтарау ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 10.30 11.03.2026 жыл	
12	Бегманов Нуритдин Әбілеқұлы	1	Қаратау ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 10.30 12.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері
		2	Шоқай ауылы	№3 орта мектептің акт залы	сағат 15.00 12.03.2026 жыл	
		3	Тастөбе ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 17.00 12.03.2026 жыл	
13	Тоғанбаева Индира Бекенқызы	1	Қызылқайнар ауылы	Ауылдық округ әкімі ғимараты	сағат 11.00 13.03.2026 жыл	Аудандық мәслихат аппараты Ауылдық округ әкімдері

ЕСКЕРТПЕ: Өртүрлі жағдайларға байланысты кездесу уақытында өзгерістер болуы мүмкін.
Тұрғындарды қоғамдық қабылдау кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша аудандық мәслихат аппаратына дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-18.00 аралығында хабарласуға болады.
Жамбыл аудандық мәслихат аппараты мемлекеттік мекемесінің «сенім телефоны»: 8 (72633) 2-12-75.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны режиссер 1 бірлік және мәдени ұйымдастырушы 1 бірлік және аккомпониятор 1 бірлік бос лауазымдарына конкурс жариялайды

Кәсіпорынның атауы: Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
Орналасқан жері: пошталық индексі 080200, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй, тел.: 8 (72633) 2-15-29, 2-24-34.
Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты: әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға және көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал етуге жағдай жасау, халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру, кәсіби көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру, халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, ҚР заңнама талаптарына сәйкес ақылы қызметтер көрсету болып табылады.
Режиссердің лауазымдық міндеттері:
театр ұжымының (музыкалық, хор, хореографиялық) жұмысын басқарады;
ұйымның ұйымдастыру-шарамашылық іс-шараларын өткізуге қатысады, спектакль қойылымдарын, концерттік, музыкалық және би бағдарламаларын жүзеге асырады;
репертуар, ноталық материалдар, орындаушылар құрамын таңдайды, олармен топтық және жеке дайындықтар өткізеді;
нөмірді орындауды жетілдіруді, орындау шеберлігін арттыруды қамтамасыз етеді;
жұмысқа шығармашылық қызметкерлер мен ұжымдарды, қоғамдық ұйымдарды, көркемөнерпаздар ұжымдарын, дирижерлерді, хормейстерлерді тартады;
ұйымның әдістемелік кабинетінің жұмысына, тақырыптық кештер, сахналандырылған мерекелер, карнавалдар, халықтық сауық-серуендер мен көпшілік іс-шараларды дайындау жұмысына қатысады, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жетекшілеріне көмектеседі;
дайындықтардың, қойылымдардың есебін жүргізеді.
Білуі тиіс: «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын;
клуб жұмысын ұйымдастыруды, өнердің сәйкес түрінің теориясын, репертуарды қалыптастыру қағидаларын, көркемөнерпаздар ұжымының озық жұмыс тәжірибелерін.
Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейлі маман:
санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.
санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.
біліктілігі орта деңгейлі маман:
санаты жоқ: «өнер және мәдениет» мамандықтар тобы бойынша техникалық

және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.
Мәдени ұйымдастырушының лауазымдық міндеттері:
ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады;
сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады;
концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады;
эскиздер мен реквизит заттарын жасайды;
концерттік бағдарламалардың фонограммасын дайындайды;
шығын сметасын дайындайды және ұйым басыпшылығына бекітуге ұсынады.
Білуі тиіс: ҚР Конституциясын, Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын;
клуб жұмысының ұйымдастырылуын, мәдени-демалыс жұмыстарының мәселелері бойынша басқарушы материалдарын, мәдени ұйымдардың озық жұмыс тәжірибелерін.
Біліктілікке қойылатын талаптар: санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.
санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.
Ақкомпониятордың міндеттері:
Хор, музыкалық, хореографиялық көркемөнерпаздар ұжымдарының, ансамбльдер мен әншілердің өнер көрсетулері мен дайындықтарына музыкалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;
әншілердің, музыкалық және вокалдық ансамбльдердің, хореографиялық ұжым репертуарларын үйренеді;
көпшілік көрсетілімдерді, сахналандырылған мерекелерді, халықтық серуен-сайрандарды, балларды, демалыс кештерін өткізуге қатысады.
Білуі тиіс: ҚР Конституциясын, Еңбек кодексін, «Мәдениет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, музыка теориясын мен тарихын, көркемөнерпаздар ұжымымен жұмыс істеу әдістемесін, көркемөнерпаздар мен әншілер ұжымы репертуарларын

қалыптастыру қағидаларын.
Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейлі маман:
санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.
біліктілігі орта деңгейлі маман:
санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, «өнер және мәдениет» мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.
Қызметкерлердің лауазымдық жалақысы білімінің деңгейіне және жұмыс өтіліне сәйкес 100000 теңгеден жоғары.
Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» №1017 бұйрығына сәйкес өткізіледі.
Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне, сондай-ақ республикалық enbek.kz интернет-сайтында жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй, тел.: 8 (72633) 2-15-29, 2-24-34.
Мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс: 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақ (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);
4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
5) еңбек кітапшасы (ол болған кезде)
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізкісінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.
7) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама.
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.
Құжаттарды қабылдау аяқталатын күні: 2026 жылдың 13 ақпаны.
Конкурстың өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй.

Осы лауазымға орналасқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер берілмейді.

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫН СЫЙЛАЙТЫН ЖАН ЕДІ...

Қаңтардың қатулы, аязды күні қара аспанын төндіріп, сұм ажал арамыздан аяулы әріптесіміз **Алиева Алма Алтынбекқызын** 64 жасқа қараған шағында алып кетті.

Ол 1962 жылы 25 тамызда Аса ауылында дүниеге келген. Жеңістің 30 жылдығы атындағы орта мектепті тәмамдап, Тараз қаласындағы технологиялық институтқа «бухгалтер-экономист» мамандығы бойынша оқуға түсті. Аталған оқу орнын аяқтағаннан кейін өзі қалаған мамандығы бойынша Тараз қаласында, одан кейін Жамбыл ауданында түрлі мекемелерде қызмет етті. 1985-2021 жылдар аралығында аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің есеп-қисабын жүргізді. Одан кейін аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде экономист болып қызмет етіп, зейнет демалысына шықты.

Біз білетін Алма Алтынбекқызы қарапайым, иі жұмсақ, ізетті жан болатын. Тағдыр қанша қыспағына алса да, ешқашан налып, мойығанын көрмедік. Өмірге жарқын жүзбен, батыл көзқараспен қараушы еді.

Жүрек жылуын сыйлайтын жанның отбасына және туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Аяулы әріптес, жанашыр әпкеміздің жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің еңбек ұжымы.

ЖАЙДАРЫ ЖАНЫҢ ЖӘННАТТА БОЛСЫН



Ардақты әріптесім әрі қадірлі қарындасым, мына шыр айналған жылылықтан тұратын адамдықтың шынайы болмысын, қамыққан көңілді ақ ниетімен жуып берер кемелдікті, кендік пен тереңдікті көрдім. Жұмысына ықтиятты, қызметтестеріне адал, сабырды серік еткен салықша адамды таныдым. Барға тасымай, жоққа жасымай, жақсылығын бұлдамай, үлкен-кішіге бірдей ізет көрсететін жайсаң жанды бақыдым. Арлы ұрпақтың дауылда ығы, суықта шуағы болған қамқор ананың бейнесі көз алдыма келетін.

Білімді әрі көргенді, мейірімді де жанашыр едің, жарқын. Ізгіліктің шамындай жарқыраған жайдары жаның жәннатта болсын. Раббымның қалауымен тағдырдың үкімі осылай жазылған екен, жер басып жүрген пенделердің қазаға қарсы қояр қандай амалы бар? Рахымды да әділетті Алла асыл пендем деп өзіңді панасына алар, рахметіне бөлер. Жиганың ұрпағына қалып, иманың жолдас болсын. Абзал дидарың жүректерде аяулы қалпында қалады...

Сансызбай БЕРТАЙҰЛЫ.

АЯУЛЫ АНАМДАЙ БОЛҒАН АЛМА ӘПКЕ

Жасқа да, жасамысқа да сондай жұғымды жандар бар ғой. Міне, сол жан – Алма әпке болатын. Болатын деу, өткен шақта жазу жүректі тырнап жіберіп жатыр. Ажалға қарсы келер амал жоқ екен адамзатта...

«Шұғылаға» 16 жыл бұрын барғанда анамдай ақ жарыла қуанып, елден бұрын еллідеп, қамқорлық танытқан адам – Алма әпке.

Барлық істе демеу болып, жассынбай, жатсынбай, жаныңа бір мейірілі шуақ құйып, жүрегін қоса ұсынған – Алма әпке.

Бүгін мейірімділігі мен даналығы, адалдығы мен адамгершілігі бір бойына дарыған асыл жан мәңгілік мекеніне аттанды. ...

Бұл қаза – тек бір отбасының ғана емес, бір ұжымның, бір буынның жүрегіне түскен ауыр қайғы. Өйткені өмірден өткен әрбір жақсы адам – тек бір адамның кетуі емес, тұтас бір жылулықтың, бір парасаттың, бір үнсіз тіректің үзілуі екен.

Қарашаныраққа айналған «Шұғыла-Радуга» газетінде Алма әпке тек есепші болып қызмет атқарған жан емес еді. Бұл шаңырақта қаншама жас маманның алғашқы қадамына демеу болып, өмір жолына бағыт-бағдар берген, ақылымен де, мейіріммен де жебеп жүрген асыл тұлға болатын. Осы ұядан түлеп ұшқан талай жан үшін ол әріптес қана емес, сырлас әпке, ал кейде еркелетіп, қателігін кешіре білетін мейірімді анадай еді. Кей адамдар өмірде үнсіз жүреді, бірақ сол үнсіздігімен бүтін бір органы ұстап тұрады. Алма әпке сондай жан болатын.

Алма әпкенің бойындағы байыптылық пен сабыр, кең пейіл мен адалдығы – оны өзгелерден даралап тұратын асыл қасиеттер еді.

Мен үшін ол – жүрегімде айрықша орын алатын жан. Аудандық газеттің

бірнеше жыл қанаттасып еңбек еттік. Сол шақта бойыңнан мейірім мен жылылықтан тұратын адамдықтың шынайы болмысын, қамыққан көңілді ақ ниетімен жуып берер кемелдікті, кендік пен тереңдікті көрдім. Жұмысына ықтиятты, қызметтестеріне адал, сабырды серік еткен салықша адамды таныдым. Барға тасымай, жоққа жасымай, жақсылығын бұлдамай, үлкен-кішіге бірдей ізет көрсететін жайсаң жанды бақыдым. Арлы ұрпақтың дауылда ығы, суықта шуағы болған қамқор ананың бейнесі көз алдыма келетін.

Білімді әрі көргенді, мейірімді де жанашыр едің, жарқын. Ізгіліктің шамындай жарқыраған жайдары жаның жәннатта болсын. Раббымның қалауымен тағдырдың үкімі осылай жазылған екен, жер басып жүрген пенделердің қазаға қарсы қояр қандай амалы бар? Рахымды да әділетті Алла асыл пендем деп өзіңді панасына алар, рахметіне бөлер. Жиганың ұрпағына қалып, иманың жолдас болсын. Абзал дидарың жүректерде аяулы қалпында қалады...

Сансызбай БЕРТАЙҰЛЫ.

Білетінімді мақтап, білмегенімді үйретіп, қак-соқ, қырғи қабақтардан баласындай қорғап, мені үлкен өмірге әрбір өнегелі ісімен бір кісідей баулыған – Алма әпке.

«Мен есепшімін» демеді, есепсіз еңбек етті. «Шұғылаға» келген барлық адамның адам боп кетуіне өлшеусіз үлес қосты.

«Жан бар жерде – қаза бар» дейді. «Алла ісіне амал жоқ» дейді. Жатқан жеріңіз жұмақ болсын, аяулы Алма әпкем.

Шолпан ОРАЗБАЕВА.

ЖАҚСЫЛАР КЕТПЕЙДІ, ЖҮРЕКТЕ ҚАЛАДЫ...

Бүгін мейірімділігі мен даналығы, адалдығы мен адамгершілігі бір бойына дарыған асыл жан мәңгілік мекеніне аттанды. ...

Бұл қаза – тек бір отбасының ғана емес, бір ұжымның, бір буынның жүрегіне түскен ауыр қайғы. Өйткені өмірден өткен әрбір жақсы адам – тек бір адамның кетуі емес, тұтас бір жылулықтың, бір парасаттың, бір үнсіз тіректің үзілуі екен.

Қарашаныраққа айналған «Шұғыла-Радуга» газетінде Алма әпке тек есепші болып қызмет атқарған жан емес еді. Бұл шаңырақта қаншама жас маманның алғашқы қадамына демеу болып, өмір жолына бағыт-бағдар берген, ақылымен де, мейіріммен де жебеп жүрген асыл тұлға болатын. Осы ұядан түлеп ұшқан талай жан үшін ол әріптес қана емес, сырлас әпке, ал кейде еркелетіп, қателігін кешіре білетін мейірімді анадай еді. Кей адамдар өмірде үнсіз жүреді, бірақ сол үнсіздігімен бүтін бір органы ұстап тұрады. Алма әпке сондай жан болатын.

Алма әпкенің бойындағы байыптылық пен сабыр, кең пейіл мен адалдығы – оны өзгелерден даралап тұратын асыл қасиеттер еді.

Мен үшін ол – жүрегімде айрықша орын алатын жан. Аудандық газеттің

табалдырығын жас маман, өмірден де, кәсіби ортадан да хабары аз тілші болып аттаған сәттен бастап, мен ол кісінің шынайы қамқорлығын, кең жүректі мейірімін сезіндім. Ол мені тек әріптес ретінде емес, өз қызындай қабылдап, еркелетіп, демеп отырды. Қателігімді бетіме басып, түзетуге жол көрсетіп, сенім сыйлады. Сол сенім мен үшін үлкен жауапкершілік те, өмірлік сабақ та болды. Кей адамдар саған жол көрсетпейді, бірақ сенің өз жолыңа сенуіңе көмектеседі. Алма әпке дәл сондай жан еді.

Сол мейірімнің, сол даналықтың иесі ортамызда жоқ дегенге жүрек сенгісі келмейді... Алайда өмірдің ең ащы шындығы – уақытша келген әр жанның мәңгілікке бір күні кететіні. Бірақ адамды өлмейтін ететін бір-ақ нәрсе бар: ол – артында қалдырған ізі. Алма әпкенің жылы жүзі, ақ тілеуі, адамға деген шексіз жанашырлығы бізбен бірге, жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын. Артында қалған жақындарына Алла сабыр берсін.

Асыл жанның рухы пейішше шалқысын...

Эльмира ТҮРКМЕНОВА.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ОТБАСЫН ҚОЛДАУ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Қоғамдағы тұрақтылық пен ел болашағы ең алдымен отбасының берік болуымен өлшенеді. Әлеуметтік осал топтағы отбасыларды қолдау, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға дер кезінде көмек көрсету – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы міндетті жүзеге асыруда аудандық Отбасын қолдау орталығы жүйелі әрі нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді. Орталықтың қызметі, нақты көрсеткіштері мен алдағы жоспарлары туралы біз мекеме директоры Гүлбану Бектембаевамен әңгімелескен едік.

Аудан әкімінің 2025 жылғы 8 желтоқсандағы №81 өкіміне сәйкес мобильді топтың құрамы жаңартылып, бұл бағыттағы жұмыс күшейтілді. Қазіргі таңда мобильді топ құрамында 231 адам бар. Ал платформада 215 қызметкердің жеке есептік жазбасы ашылған.

– Қазіргі таңда өмірлік қиын жағдайда тұрған 41 отбасы анықталды. Оның 31-і өздігінен жүгінсе, 10 отбасы мобильді топ арқылы анықталған. 29 отбасымен жұмыс толық аяқталып, 2 отбасымен жұмыс жалғасуда. Бұл отбасыларға жәрдемақы рәсімдеу, тұрғын үймен



– Гүлбану Рахымбайқызы, алдымен Отбасын қолдау орталығының құрылу тарихы мен негізгі мақсатына тоқталсаңыз.

– Отбасын қолдау орталығы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 3 маусымдағы №390 қаулысына сәйкес құрылды. 2024 жылдың 22 тамызында Жамбыл облысы Әділет департаментінде заңды тұлға ретінде тіркеліп, 2 қыркүйектен бастап ресми түрде қызметін бастады. Негізгі мақсатымыз – әлеуметтік осал жағдайда тұрған, өмірлік қиындыққа тап болған азаматтар мен отбасыларға кешенді көмек көрсету, отбасы институтын сақтау және нығайту.

– Орталық қандай қызмет түрлерін көрсетеді?

– Біз әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, білім беру, консультациялық және ақпараттық қызметтер ұсынамыз. Әр отбасының жағдайын жеке зерделеп, нақты шешім қабылдауға тырысамыз. Басты назар – отбасындағы тұрақтылықты сақтау, балалардың қауіпсіз ортада дамуына жағдай жасау және әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу.

– Қазіргі таңда орталықта қанша маман қызмет атқарады?

– Орталықта 6 штаттық бірлік бар. Оның ішінде директор, бас есепші, екі психолог, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман және автокөлік жүргізушісі қызмет атқарады. Мамандар халықпен тікелей жұмыс жүргізіп, әрбір өтініш пен жағдайға жауапкершілікпен қарайды.

– Орталық қызметінің негізгі бағыттарын атап өтсеңіз.

– Біздің жұмысымыз жеті негізгі бағытты қамтиды. Олар – әлеуметтік көмек көрсету, психологиялық және құқықтық кеңес беру, ақпараттық-ағартушылық жұмыстар, FSM Social цифрлық платформасымен жұмыс, мобильді топтар арқылы отбасыларды анықтау, облыстық Отбасын қолдау орталығымен өзара іс-қимыл және мемлекеттік отбасылық саясатты іске асыру.

– FSM Social цифрлық платформасының рөлі қандай?

– FSM Social – өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды ерте анықтауға арналған тиімді ақпараттық жүйе. Платформа арқылы әр отбасыға қатысты деректер енгізіліп, жеке жұмыс жоспары әзірленеді және көрсетілген көмектің нәтижесі тұрақты түрде бақылауда болады.

– Мобильді топтың құрамы қандай салаларды қамтиды?

– Мобильді топ құрамына әкімдік қызметкерлері, әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау салаларының мамандары, құқық қорғау органдары мен пробация қызметінің өкілдері енген. Бұл – мәселеге кешенді қарауға мүмкіндік береді.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында қандай жұмыстар атқарылууда?

– Бұл бағытта жауапты мемлекеттік органдармен бірлесіп жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Тоқсан сайын арнайы отырыстар мен қабылдаулар ұйымдастырылады. Жамбыл облысы полиция департаментінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес басқармасымен тығыз байланыстамыз. Қабылдаулар барысында жәбірленушілерге психологиялық және құқықтық көмек көрсетіледі.

– Нақты нәтижелерге тоқталсаңыз.

– 2025 жылы FSM Social платформасына 84 адам тіркелсе, 2026 жылдың қаңтар айының қорытындысымен 114 адам тіркелді. Өртүрлі мекемелерден 21 хабар түсіп, барлығы белгіленген тәртіппен қаралды. Платформа арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар 7 адам анықталып, олардың 6-уы Тараз қаласындағы «Дағдарыс» орталығына, 1 ер азамат облыстық әлеуметтік оңалту орталығына жіберілді. Нәтижесінде екі азаматша өз отбасына қайта оралды.

– Өмірлік қиын жағдайдағы отбасылармен жұмыс қалай ұйымдастырылады?

камту, газ желісін тарту, жұмысқа орналасу, балабақша мен мектепке орналастыру мәселелері бойынша нақты көмек көрсетілді.

– Ақпараттық-ағартушылық бағыттағы жұмыстардың маңызы қандай?

– Ақпараттық-ағартушылық жұмыстар – профилактиканың маңызды бөлігі. Осы уақытқа дейін 65 іс-шара өткізіліп, 1800 адам қамтылды. 2025 жылдың 11 айында 17 іс-шара ұйымдастырылып, оған 700 адам қатысты. Аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде 11 мақала, республикалық «Педагог жанашыры» ғылыми журналында 4 мақала жарияланды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде 100-ден астам ақпараттық жазба мен 92 бейнеролик жарық көрді.

– Ағымдағы жылдың жоспарына толығырақ тоқтала өтсеңіз.

– Алдағы уақытта көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды сүйемелдеу, мүгедек баласы бар отбасылармен жеке жұмыс жүргізу, ата-аналарға арналған тренингтер өткізу, балаларға психологиялық диагностика жасау жоспарланып отыр. Басты мақсатымыз – отбасы құндылықтарын сақтау және тұрғындардың әлеуметтік әлауқатын арттыру.

– Әңгіменізге рақмет.

– Сіздерге де рақмет. Отбасы – қоғамның негізі. Сол негіздің берік болуына қызмет ете береміз.

Сұхбаттасқан
Аружан СӘКЕНҚЫЗЫ

СЕМИНАР

Жуырда №1 орта мектепте «Көркем еңбек сабағында жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі» тақырыбында аудандық семинар өтті. Аталған семинарға аудандық білім бөлімінің әдіскері Эльмира Түркменова, №1 орта мектептің директоры Акерке Тлебалдиева және аудан мектептерінің көркем еңбек пәні мұғалімдері қатысты.

ТӘЖІРИБЕ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ҮНДЕСТІГІ



Аружан КҮНТУБАЙ



Жиын барысында Акерке Молдаханқызы мен Эльмира Жалғасқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Олар бүгінгі білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен заманауи технологияларды тиімді қолданудың маңыздылығына тоқталды. Әсіресе, көркем еңбек пәнінде жаңа технологияларды енгізу оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, ойлау жүйесін кеңейтуге үлкен мүмкіндік беретінін атап өтті.

Семинар барысында №1 орта мектептің мұғалімі Ақмарал Мауленова педагогтар арасында «Жасанды интеллект – мұғалімнің заманауи көмекшісі» тақырыбында тренинг өткізді. Онда мұғалімдер жасанды интеллекттің сабақтағы рөлімен танысып, оны тиімді қолдану жолдарын тәжірибе арқылы меңгерді. Қатысушылар тренингке белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар семинар барысында бірқатар ашық сабақтар, шебер сыныптар және шығармашылық жұмыстар ұсынылды.

№1 орта мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі Данияр Патаев ұлдар тобымен «Жасанды интеллект элементтерін пайдалану арқылы интерьерлерге қажетті заттарды дайындау» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта оқушылар заманауи технологияларды пайдалана отырып, интерьерге арналған бұйымдарды

дайындау жолдарымен танысты. Ал Маржан Дәулетбекова жасанды интеллект арқылы кітап дайындау әдісі бойынша шебер сынып өткізіп, қатысушыларға цифрлық құралдарды шығармашылық мақсатта қолдану жолдарын көрсетті. Бектұрсын Жамансариев «IoT технологияларын ақылды үйде және жылыжайда пайдалану» туралы шығармашылық жұмысын ұсынып, техникалық мүмкіндіктер мен көркем еңбекті ұштастырудың тиімді жолдарын таныстырды. Сондай-ақ, Еңбек орта мектебінің педагогы Ғайша Олжатаева «Жасанды интеллект арқылы техникалық ойлауды дамыту» тақырыбында ықшам сабақ көрсетсе, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейдің көркем еңбек пәні мұғалімі Ләззат Оспанова «Су бетіне сурет салу тәсілі» туралы қызықты шебер сынып өткізді. Бұл жұмыстар семинарға қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Семинар соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Эльмира Жалғасқызы іс-шараны қорытындылап, өз тәжірибелерімен бөліскен педагогтарға алғысын білдіріп, сертификаттар табыстады. Ол мұндай семинарлардың мұғалімдер үшін тәжірибе алмасуға, кәсіби шеберлікті арттыруға үлкен мүмкіндік екенін айтты.

Бұл семинар көркем еңбек сабағында жасанды интеллектті тиімді қолданудың нақты жолдарын көрсетіп, педагогтардың кәсіби дамуына, білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды әрі мазмұнды іс-шара болды.



БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

СОТҚА АРЫЗДЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ЖІБЕРУГЕ БОЛАДЫ

Қазіргі таңда елімізде сот жүйесін цифрландыру бағытында нақты әрі нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Соның айқын көрінісі – азаматтардың сотқа арызды электронды түрде беру мүмкіндігінің енгізілуі. Бұл жаңашылдық сотқа жүгінуді жеңілдетіп, халыққа қолайлы жағдай жасауда.

Электронды арыз беру Қазақстан Республикасының сот органдары іске қосқан «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі арқылы жүзеге асырылады. Аталған жүйе азаматтар талап арыздарды, шағымдар мен өтініштерді онлайн режимде жолдай алады. Арызданушы сотқа бармай-ақ, үйінде отырып, ғаламтор арқылы шағымын

білдіре алады. Электронды түрде арыз беру үшін азаматта электронды цифрлық қолтаңба және интернетке қосылған құрылғы болса жеткілікті. Электронды цифрлық қолтаңба арыздың заңды күшін қамтамасыз етіп, құжаттың ресми түрде қабылдануына мүмкіндік береді. Уақыт үнемдеп, қағаз толтыру машақаттарынан



босатылатын мүмкіндікке ие болу үшін электронды үкіметтің e.gov.kz веб-порталына тіркелу қажет.

Ол үшін Қазақстан Республи-

касының Жоғарғы сотының электронды қызметтер бөлімі таңдалады. Кейін арыз жазу деген бетке еніп, сұрақтарға жауап беру қажет. Одан барып тұрғылықты мекенжайы бойынша сотты көрсету керек. Кейін шағымның мазмұны теріледі. Бұл қызмет үшін банк шоты немесе электронды картонка арқылы ҚР Салық кодексінің 535-бабында көрсетілгендей, мемлекеттік баж салығын төлеу керек.

Бұл қызметтің басты артықшылықтарының бірі – уақыт пен қаражатты үнемдеу. Сонымен қатар арыздың тіркелу, қабылдану және

қаралу барысын онлайн бақылауға болады. Құжаттардың жоғалуы немесе кешігіп жетуі сияқты мәселелер де толықтай жойылады.

Электронды жүйе арқылы азаматтық, әкімшілік істер бойынша талап арыздар мен шағымдар жолдауға, сондай-ақ сот актілеріне шағым түсіруге мүмкіндік бар. Бұл сот төрелігінің ашықтығын арттырып, әрбір азаматтың өз құқығын қорғауына қолайлы жағдай туғызады.

Гүлнар ЕСКӘРАЕВА,
аудандық сот әкімшісінің
басшысы.



МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

Максат ЖҰМАБАЕВ
Аружан КҮНТУБАЙ
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ
Құрбанәлі Шахабай
Жұматай Көксубайұлы
Ғалия АЛИЕВА

87059774177
87002642761
87474240395
87788758489
87088419629
87075853423

Дизайнер-теруші:
Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗР78У00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Салық тәртібі» ЖШС-
нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз
қаласы, Төле би көшесі 36 б.

Таралымы 3100

Тапсырыс №68

Нөмірдің кезекшісі: Аружан КҮНТУБАЙ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.